

Адамзат баласының ойлау мәдениетінің шыңы – даналық. Ол – адамның интеллектуалдық жетілуінің ең биік көрінісі, терең таным мен парасаттылықтың тұғыры. Даналыққа жетелейтін жол – философия жолы. Түпкі мәні «даналыққа құштарлық» деп танылатын философияның мақсаты – адам санасын тәрбиелеп, дүниені тұтас көруге үйрету.

Әлем тарихы даналарсыз өмір сүре алмайтынын дәлелдеді. Дана адамдар – ұлт руханиятының тірегі, мәдениет пен дәстүрдің сақтаушысы. Олар – ұрпаққа адамгершілік пен ізгілікті мұра етіп қалдырып, өмірлік тәжірибесімен кемел ой, парасатты пікір қалыптастырған тұлғалар. Қазақ даналығында айтылғандай: «Өмірлік тәжірибе – даналықтың анасы». Бұл – даналықтың тек біліммен емес, өмірмен де суарылып, адам санасының тереңінен тамыр тартатынын көрсетеді. Ұлттық дүниетаным негізінде қалыптасқан рухани болмыс – әр адамның адамгершілік қасиетінің айнасы. Осындай құндылықтарды бойына сіңіріп, білім мен тәжірибені ұштастыра білген тұлға ғана шын мәніндегі дана болмақ.

Қазақ философиясы – даналық, түсінік, тәлім-тәрбие түрінде адамға бағытталған терең ойлаудың көрінісі. Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұл философия – дәстүрлі қазақи ойлау мәдениетінің таным көкжиегінің кеңдігін танытатын дүниетаныммен астасып жатыр. Қазақ философиясының өзегі – даналық. Ол тек жаспен емес, ақыл-парасаттың тереңдігімен өлшенетін биік қасиет. Дана адам – қоғамның рухани тірегі, оның сөзі – өсиет, ісі – өнеге. Мұндай тұлғаларсыз өркениетті қоғам дамуын көзге елестету мүмкін емес.

Осындай дара болмысты, еліміздің білім мен ғылым саласына, ұлттық ойлау жүйесіне баға жетпес үлес қосқан тұлғаның бірі – ғалым, философ, профессор, ұстаз Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлы. Оның терең білім мен биік адамгершілікке негізделген еңбегі – Қазақстандық философиялық ойлау мәдениетінің кемелденуіне зор ықпал етті. Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлының ақыл-парасаты, ерекше ойлау қабілеті, ғылыми ұстанымдағы табандылығы мен шәкірттерге деген қамқорлығы – Қазақстанда ғана емес, шетелдік ғылыми ортада да құрмет пен танымалдылыққа ие болды. Оның жетекшілігімен философиялық қауымдастықта орны бар Қарағанды философия тарихы мектебі қалыптасты.

Философия – адамзат танымының ең көне әрі терең түрлерінің бірі ретінде әрқашан адамзаттың бүгінгісі мен ертеңіне қатысты өзекті сұрақтарға жауап іздеп келеді. Өмірдің мәні, шындықтың табиғаты, моральдық-этикалық дилеммалар, адамның әлемдегі орны – бұл мәселелер ойшылдар мен ғалымдарды ғана емес, әрбір саналы адамды толғандырады сөзсіз. Ұйымдастырылып отырған бұл іс-шара – философияның осындай өзекті мәселелерін өткен мен бүгіннің және болашақтың призмасы арқылы қарастырып, олардың эволюциясы мен өзара байланысын ашуға бағытталған маңызды диалог аланы боларына сенім білдіреміз.

Ректор

Н.О.Дулатбеков